

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін  
Сорбонна-Қазақстан институтының  
директоры



Г.Б.Нурлихина  
2018 ж.

«6M050900 – Қаржы» мамандығы бойынша  
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

6M050900 – «Қаржы» мамандығы бойынша магистранттар үшін (бағдарлы бағытталған) түсу емтихан бағдарламасы

**Құрастырушылар:** э.ғ.к., Оралбаева Ж.З.

---

(қолы)

«Экономикалық мамандықтар» кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды:  
№ \_\_\_ хаттама, «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2018ж

Кафедра меңгерушісі: \_\_\_\_\_ Иманбердиев Б.Д.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы

Сорбонна Қазақстан институтының

Ғылыми кеңесінде бекітілді: № \_\_\_ хаттама, «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2018 ж

**6M050900 - «Қаржы» мамандығы  
бойынша магистратураға түсуге арналған**

**БАҒДАРЛАМА**

**«ҚАРЖЫ» ПӘНІ**

**1- Тақырып. Қоғамдық ұдайы өндірістегі қаржының мәні, функциялары және рөлі**

Қаржы ұғымы және оның мәні мен қажеттігі. Қаржының функциялары және рөлі. Қаржының басқа экономикалық категориялармен өзара байланысы. Қаржы қатынастарының объектісі ретіндегі қаржы ресурстары мен қорлары

**2-тақырып. Қаржы жүйесін ұйымдастыру.** Қаржы жүйесінің ұғымы. Жалпы мемлекеттің қаржысы. Шаруашылық жүргізуші субъектісінің қаржысы. Халықтың (үй шаруашылығының) қаржысы. Қаржы жүйесінің сфералары мен қағидалары

**3-тақырып. Қаржы саясаты және механизмі.** Қаржы саясатының ұғымы, міндеті, мақсаты және қағидалары. Қаржы механизмі, мазмұны және құрлымы. Қаржыны басқару: қағидалары және элементтері, қаржылық жоспарлау, оның мазмұны, әдістері, ерекшеліктері, қағидалары және кезеңдері. Қаржы қатынастарын құқықтық реттеу, нормалар, әдістер, актілері.

**4-тақырып. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы.** Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының ұғымы, функциялары және негізгі белгілері. Негізгі ұйымдық құқықтық нысандарының шаруашылық жүргізуші субъектілері қаржысының ерекшеліктері. Коммерциялық шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын ұйымдастырудың негіздері мен қаржы қорлары. Өндірістік капиталдар және кәсіпорындар қызметінің қаржылық нәтижелері. Коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелер қаржысының мазмұны және оны ұйымдастыру

**5-тақырып. Мемлекет қаржысының жалпы сипаттамасы Мемлекеттің табыстары мен шығыстары**

Мемлекеттің экономикалық іс-әрекеттері. Қоғамдық тауарлар, игіліктер мен қызметтер. Мемлекеттік қаржылар туралы жалпы түсінік және олардың құрамы. Мемлекеттік табыстардың мәні және жіктелуі

**6-тақырып. Салықтар және салық жүйесін ұйымдастыру.** Салықтар туралы түсінік және олардың әлеуметтік- экономикалық мәні мен функциялары. Қазақстан Республикасының салық жүйесін ұйымдастыру. Салықтар алуды ұйымдастыру. Салықтың түрлеріне сипаттама

**7-тақырып. Мемлекеттік бюджет.** Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен ролі және айырықша белгілері. Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының құрамы. Бюджет балансы Бюджет тапшылығы. Бюджеттің жүйесі мен бюджет құрылысы. Бюджет процестерінің кезеңдері. Жергілікті қаржылардың мәні мен ролі

**8-тақырып. Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар**

Бюджеттен тыс қорлардың мәні. Қазақстан Республикасындағы бюджеттен тыс қорлардың қолданудың ерекшеліктері. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

**9-тақырып. Мемлекеттік несие және мемлекеттік қарыз**

Мемлекеттік кредиттің мәні. Мемлекеттік кредиттің нысандары мен әдістері. Халықаралық мемлекеттік кредит. Мемлекеттік борыш және сыртқы мемлекеттік борышты басқару, экономикалық салдары

**10-тақырып. Үй шаруашылығының қаржысы.** Үй шаруашылықтары экономикалық қызмет субъектілері ретінде. Үй шаруашылықтарының қаржы ресурстары. Үй шаруашылықтарының бюджеті Үй шаруашылықтарының кірістері және олардың жіктеуі

**11-тақырып. Сақтандыру.** Сақтандырудың әлеуметтік-экономикалық мәні, оның іс-әрекет сфералары. Әлеуметтік және медициналық сақтандыру. Жұмыстан бос қалуға байланысты сақтандыру. Сақтандыру қызметін ұйымдастыру.

**12-тақырып. Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеу.** Экономиканы мемлекеттік қаржылық реттеудің жалпы сипаттамасы. Макро экономикалық тепе-теңдік және қаржы. Нарықтық тепе-теңдікке салықтардың тигізетін әсері.

**13-тақырып. Қаржы нарығы.** Қаржы рыногы туралы ұғым. Бағалы қағаздар рыногы, оның мәні және негізгі белгілері. Бағалы қағаздардың түрлері. Бағалы қағаздардың эмиссиясы және айналысқа шығарылуы. Бағалы қағаздар рыногының қатысушылары.

**14-тақырып: Сыртқы экономикалық байланыстар жүйесіндегі қаржы**

Сыртқы экономикалық қызметтің сипаттамасы мен оның даму бағыттары. Сыртқы экономикалық қызметті реттеудің нысандары мен әдістері. Валюталық ресурстардың қалыптасуы және оларды пайдалану. Мемлекеттің төлем балансы

**15-тақырып: Қаржы және инфляция.** Инфляция іс-әрекетінің факторлары. Инфляция және қаржының өзара байланысы мен іс-әрекеттері. Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық салдарлары және инфляцияға қарсы саясат шаралары

## **«КОРПОРАТИВТІК ҚАРЖЫ» ПӘНІ**

**1- Тақырып. Корпорациялар қаржысы: ұйымдастыру негіздері және олардың қаржы сферасының мазмұны**

Корпоративтік қаржы» ұғымы мен мазмұны, оның функциялары. Корпорациялардың қаржылық механизмі. Компанияның құрылымы, қаржылық стратегиясы және мақсаты. Корпоративтік қаржыны ұйымдастырудың негізгі қағидаттары және рөлі, олардың мазмұны және кәсіпкерлік қызметтің тиімділігіне әсері.

**2- Тақырып. Қаржы-кредит шешімдерін қабылдауға қаржы-экономикалық есептеп шығарудың математикалық негіздері**

Ақшаның уақытша құн ұғымы. Компания капиталының бүгінгі және болашақ құны. Дисконттау және компаундтау. Капиталдың баланстық құны және дисконт нормасы (табыстылық шекті нормасы). Ақша ағымдарын күрделі пайыздың стандартты функциялары.

**3- Тақырып. Корпорацияның айналымнан тыс активтерін басқару**

Корпорациялар қаржыларын ұйымдастырудың рөлі және сыныптамасы, ұзақ мерзімді активтердің мәні мен мазмұны. Ұзақ мерзімді инвестициялар, аяқталмаған күрделі құрылыс, материалдық емес активтер, негізгі құрал-жабдықтардың құрамы мен құрылымы, экономикалық табиғаты. Амортизацияны есептеудің негізгі капиталды жаңартудағы рөлі. Инвестицияның түрлері: тура(нақтылы), портфельдік және венчурлық инвестициялар. Материалдық емес активтерді және негізгі қорларды инвестициялауды қаржыландыру.

**4- Тақырып. Корпорацияның айналым активтерін басқару**

Айналым капиталының сыныптамасы және экономикалық мазмұны. Айналым капиталын ұйымдастыру қағидаттары, олардың құрамы және құрылымы. Компанияның босалқы қоры: босалқы қорлардағы қаражаттар, өндірістегі қаражаттар. Дебиторлық қарыз мөлшерінің деңгейі және оны басқару. Компанияның ақшалай қаражаттары, олардың түсу жолдары және жұмсалу бағыттары. Айналым капиталын қалыптастыру көздері. Кредиторлық берешек: айналым капиталын қалыптастырудағы оның мәні. Менікті айналым капиталы. Айналым капиталының өсімі, оны қаржыландыру көздері

**5- Тақырып. Корпорацияның өнім өндіруге және өткізуге кеткен шығындары және оларды қаржыландыру**

Корпорация шығындарының экономикалық сыныптамасы. Өнімнің өзіндік құнының құрылымы, баптар және элементтер бойынша жұмыстар мен қызметтер.

## **6- Тақырып. Корпорация табысының қалыптасуы, бөлінуі және пайдалану тиімділігі**

Корпорация қызметін дамытуды қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету және табыстардың рөлі. Табыстар функциялары және сыныптамасы. Табыс корпорацияның негізгі бағалау көрсеткіші ретінде. Корпорацияның жиынтық (жалпы) табысы, оның құрамы мен құрылымы. Өнім өндіруден, жұмыстар мен өызметтерден түсетін табыс – корпорацияларды қажыландырудың негізгі көзі. Корпорациялық табыс салығы және кредит үшін пайыздарды төлегенге дейінгі пайда. Рентабельділік шегі және қаржылық тұрақтылық..

## **7- Тақырып. Корпорацияның меншікті капиталын қалыптастыру**

Корпорация қызметіндегі меншікті капиталдың рөлі. Корпорацияның меншікті капиталы, оның құрамы мен құрылымы. Жарғылық капитал – корпорацияның меншікті қаражатының бастапқы негізгі көзі.

**8- Тақырып.** Корпорацияның таза капиталын қалыптастыру. Компанияның ұзақ мерзімді қарыздарды қаржыландыру көздерін тарту мен пайдалану мақсаты. Ұзақ мерзімді қарыздарды қаржыландыру көздері және түрлері: ұзақ мерзімді банк ссудалары, лизинг, ипотекалық кредит, мемлекеттік және жеке инвестициялар, шетелдік және үлестік жарна инвестициялары. Компанияның эмиссиялық қызметі.

**9- Тақырып. Тартылған капиталдың құны және орташа безбенделген капиталдың құны** Бағалар ұғымы және капитал құрылымы. Капитал құқының тұжырымдамасы – компанияны қаржыландыру теориясының негізі ретінде. Капитал құнының түрлері: ішкі, нарықтық, баланстық, шекті, жою, инвестициялық.

## **10- Тақырып. Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау және қаржылық тұрақтылыққа жету жолдары**

Қаржыландырудың ұзақ мерзімдік қарыз көздерін компанияның тарту және пайдалану Бухгалтерлік (қаржылық) есеп шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін басқару үдерісін ақпараттық қамтамасыз етудің көзі ретінде. қаржылық талдау ұғымы, қаржылық жағдайды талдау, қаржылық тұрақтылық

## **11- Тақырып. Корпорацияның қаржылық дәрменсіздігі және қаржылық сауықтыру**

Банкроттық ұғымы, белгілері мен қағидаттары. Фирманың дағдарыс жағдайының пайда болу механизмі. Компания қызметінің дағдарыс факторлары. Кәсіпорынның төлемқабілетсіздік стадиялары. Қаржылық тұрақтылық факторларының сыныптамасы.

## **12- Тақырып. Корпорация қаржысын жоспарлау.**

Қаржылық жоспарлаудың қағидаттары мен міндеттері. Қаржылық жоспарлаудың негізгі әдістері. Қаржылық жоспарлау мен өндірістік жоспарлау көрсеткіштерінің өзара байланысы. Стратегиялық, ағымдағы және оперативтік қаржылық жоспар. Қаржылық жоспарды құру, құрастыру және бекіту реті

## **«БАНК ІСІ» ПӘНІ**

### **1-тақырып. Қазақстан Республикасында банктер қызметтерінің құқықтық негіздері.**

Коммерциялық банктердің олардың тарихи даму көзқарасына байланысты мәні.Банктің мәні жайлы қазіргі кездегі түсініктер. Банктің ерекше кәсіпорын ретіндегі сипаттамасы. Банк банктік жүйенің элементі ретінде. Коммерциялық банктердің негізгі функциялары: депозиттік, несиелік, төлемдер мен есеп йырысуларды жүргізу, несие берудегі делдалдық. Коммерциялық банк қызметінің қағидалары.Банктердің Коммерциялық банктің басқару аппаратын құрудың ұйымдастыру негіздері. Банк ұйымдастырудың қағидалары. Банктің басқару аппаратының құрылымы. Коммерциялық банктердің ұйымдастырушылық құрылымы: географиялық, функционалдық, пирамидалық, холдинг.Банк жүйесі. Қазақстан

Республикасының банк жүйесінің құрылымы. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің жалпы сипаттамасы.

**2-тақырып. Банктер қызметтерінің құқықтық негіздері.** Қазақстан республикасында банк қызметтерін реттейтін заңдар мен нормативтік құжаттар. «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік реттеу туралы», «Лицензиялау туралы», «Қаржы» нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының заңдары.

**3-тақырып. Банк ресурстарын қалыптастыру және басқару.**

**Пассивті операциялар, Банктің меншікті капиталы. Банктерді пруденциалдық реттеу.**

Банктік ресурстар қалыптасуының мәні мен ерекшеліктері. Ресурстардың көздері. Коммерциялық банктердің меншікті, тартылған және қарыз құралдары. Банк пассивтерінің жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі банк ресурстарының қалыптасу бағыттары, капитализациялану жолдары. Банктің меншікті капиталы банк ресурстарының тұрақты құрамдас бөлігі. Банктің меншікті капиталының құралы көздері және оның банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлі. Меншікті капиталдың құрамдас бөліктері. Жарғы капиталы және акционерлік капитал. Қосымша капитал. Резервтік капитал және банкті қайта бағалау резервтері. Банктің үйлестірілмеген таза табысы.

Меншікті капиталды басқару және жоспарлау. Банк капиталын қалыптастыру тәсілдері. меншікті капиталдың көбею көздері. Капитал өсімінің ішкі көздері: пайданың жиналуы, дивидендтік саясат, негізгі құралдарды қайта бағалау. Капитал өсімінің сыртқы көздері: акцияларды эмиссиялау және сату. Субординациялық міндеттемелер шығару, активтерді сату және жылжымайтын мүлікті жалға беру, бонустық эмиссия акцияларды қарыз бағалы қағаздарға ауыстыру.

Коммерциялық банктің меншікті капиталының функциялары: шұғылдық, қорғаныс-кепілдік реттеуші, айналым, резервті. Банктің меншікті капиталын халықаралық стандарттарға байланысты реттеу. Банк капиталын жеткіліктілігі. Апитал жеткіліктілігіне қазіргі кездегі талаптар. Пруденциалдық реттеудің қажеттілігі, мәні және негізгі қағидалары. Қазақстан Республикасындағы пруденциалдық нормативтер жүйесі. банктің жарғы капиталының ең төменгі мөлшері.

**4-тақырып Коммерциялық банктердің депозиттік портфелі және депозиттік саясаты. Салымдарды қорғау жүйелерін ұйымдастыру: халықаралық және ұлттық тәжірибе.**

Депозиттік операциялардың мәні және түрлері. Депозиттердің жіктелуі. басқа шоттарды Коммерциялық банктің депозиттік портфелі және оны қалыптастыру және басқару ерекшеліктері. Коммерциялық банктің депозиттік саясаты. Қазақстанда депозиттер нарығының дамуы: проблемалары және шешу жолдары Салымдарды сақтандырудың шетелдік тәжірибесі.

Еуропалық Кеңес және Америка елдерінің депозиттік сақтандыру жүйелерінің салыстырмалы сипаттамасы. Жеке тұлғалардың салымдарын кепілдендірудің Қазақстандық қоры және оның қазіргі кезеңдегі қызмет ету ерекшеліктері. Жеке тұлғалардың салымдарын міндетті ұжымдық кепілдендіру жүйелерінің қызмет ету ережелері және оған ҚР екінші деңгейдегі банктерінің қатысуы. Жеке тұлғалардың салымдарын міндетті ұжымдық кепілдендірудің Қазақстандық қор резервінің қалыптасу ерекшеліктері.

**5-тақырып-Банктік операцияларды қорландырудың депозиттік емес көздері. Коммерциялық банктің міндеттемелер портфелін басқару.** Коммерциялық банктердің депозитке жатпайтын қаражаттарды тарту мақсаты және ондай қаражаттардың банк өтімділігін қамтамасыз етудегі рөлі. Несиелік ресурстар нарығынан қарыздар алу. РЕПО мәмілелері. Банктік акцептерді сату. Коммерциялық қағаздарды шығару. Евродолларлар нарығынан қарыздар алу. Коммерциялық банктердің облигацияларды шығаруы. Облигациялық қарыздарды эмиссиялау және өтеу тәртібі мен жағдайлары. Банктің

міндетемелер портфелін басқару. Пассивті операциялардың тәуекелдері: олардың мәні, түрлері және жіктелуі. Тәуекел деңгейінің артуына ықпал ететін факторлар. Меншікті капитал қалыптастыруымен және капитализациялаумен байланысты тәуекелдер. Депозиттік тәуекел және оны азайту тәсілдері. Қаржыландыру тәуекелдері.

**6-тақырып. Банк активтерін қалыптастыру және басқару тәсілдері: олардың сапасы және құрылымы.** Банк активтерінің мәні құрылымы. Активтердің сапасы. Активтерді басқарудың түсінігі және экономикалық мазмұны. Активтерді басқарудың мақсаты мен қағидалары. Банк активтері құрамы және мазмұны топтастыру және өтімділік дрежесі, орналастыру саясаты. Бірінші және екінші кезектегі активтер. Активтердің жағдайын, сапасын және тәуекелдерін бағалау. Активтердің мақсатына сай құрылымы және сапасы. Активтерді басқарудың тәсілдері мен әдістері. Рейтингтерді анықтау. Активтерді басқарудың халықаралық тәжірибесі. Активтерді секьюритизациялау (қауіпсыздендіру). Активтер портфелін басқаруды оптимизациялау.

**7-тақырып. Несиелеу жүйенің элементтері және несиелік процесс.** Несиелеу объектілері және несиелік қатынастар субъектілері. Банктік несиелердің жіктелуі. Банктік несиелеудің принциптері. Несие төлемін белгілеудегі есептелетін факторлар. Банктік несиелеу жүйесі және оның негізгі элементтері. Қазіргі кездегі несиелеу жүйесінің негізгі ерекше жағдайлары.

Несиелеу әдістері. Ашық несиелік желіс: жаңартылған және жаңартылмайтын. Жеке несиелер. Ссудалық шоттар формалары. Жай ссудалық шот. Конкурент . коммерциялық банктің несиелік саясаты. Несие беру кезеңдері. Банк несиесін алуға қажетті құжаттар пакеті. Несиелік келісімшарт, оның мазмұны. Несиелік келісім, оны рәсімдеу жағдайлары. Банк қарыздарын беру тәртібі. Несиелеудің шектерін анықтау Банк несиелерінің қамтамасыз етілуін бақылау. Қамтамасыздықты тексеру есебі. Қарыздардың өтелу тәртібі. Несиелердің қолдануы мен өтелуін бақылау. Несиелік санкциялар қолдану.

**8-тақырып. Қарыз алушының несиелік қабілеттілігін талдаудың банктік технологиялары.** Қарыз алушының несиелік қабілеті туралы түсінік. Несиелік қабілеттілікті талдаудың мақсаттары мен міндеттері. Банкке талдауға берілетін құжаттар. Формалды және ормалды емес көрсеткіштер.

Несиелік қабілеттілікті анықтауға арналған ақпараттың ішкі және сыртқы көздері: банктің архивы, агенттердің несиелік қабілеттілігі жайлы есептер, жабдықтаушылар мен сатып алушылардан алынған мәліметтер, басқа банктер мәліметтер компанияның қаржылық есептері, клиентпен жеке байланыстар. Банктің картотекасы. Несиелік тәуекелді бағалаудың статистикалық әдістері. Зета моделі, несиелік скоринг әдісі. Несиелік қабілеттілікті бағалау проблемалары және оларды шешу жолдары.

**9-тақырып. Банктік несиенің қайтарылуын қамсыздандырудың формалары.** Кепіл зат, оған қойылатын талаптар. Тауарлы материалдық құндылықтарды кепіл ретінде қолдану мүмкіндіктері. Кепіл шарты, оның мазмұны және құрылымы. Кепіл шартына қосымша құжаттар. Кепілдің түрлері: мүліктік кепіл және құқықтық кепіл. Клиенттің мүліктік кепілінің сипаттамасы: Тауарлы материалдық бағалықтар кепілі дебиторлық шоттар кепілі, бағалы қағаздар кепілі, вексельдер кепілі, депозиттер кепілі, ипотека, аралас кепіл.

Кепілсалым мәні. Несие беруші мен кепіл берушінің құқы және міндеттері. Кепілсалым Шығынды әдіс. Табысты әдіс. Сатылымдарды салыстырмалы талдау әдісі. Оларды қолданудың тиімділігі. Кепіл болушылық, оның сипаттамасы. Кепіл болушылық жайлы келісімшарт: құрылымы және мәні. Кепіл болушылықтың тоқтатылуы. Кепіл беру формалары. Кепілдікті міндетемелердің субъектілері. Кепіл беруді рәсімдеу тәртібі. Кепілдікті хат. Қазақстан Республикасында банктік кепілдердің берілу тәртібі. Банктік несиелерді сақтандыру объектілері. Сақтандыру келісімшартын талдау, сақтандыру өтемдерін төлеу тәртібі.

**10-тақырып. Банктік проценттер және проценттік төлемдер.**Проценттік ставкалары есептеу әдістері. Жәй ставкалар.Күрделі проценттік ставкалар. Тиімді проценттік ставка. Депозиттік және несиелік операцияларды жүргізудегі сыйақылар ставкалары мен мүдделерді есептеу ерекшеліктері.Сыйақылардың тұрақты ставкалары. Сыйақының өзгермелі ставкасы. Сыйақы ставкасын есептеу тәртібі. Сыйақылыр ставкаларын өзгерту жағдайлары.

**11-тақырып. Корпоративтік несиелеу процесін ұйымдастыру.** Корпоративті клиенттерді несиелеудің қажеттілігі және мәні. Несиелеу объектілері. Несиелеуге қажетті құжаттар пакеті. Бизнес жобаны бағалау. Кәсіпорынның ақша ағынын бағалау. Корпоративті қарыз алушылардың несиелік қабілеттілігін талдау ерекшеліктері.Рейтингтік баға. Қарыз алушының банкроттық ықтималдылығын бағалау. Келісімшарттар бекіту. Мониторинг жасау, несиенің өтелуі.

**12-тақырып. Бөлшек несиелеу процесін ұйымдастыру .**Ипотека, оның мәні. Ипотекалық несиелеу қағидалары. Ипотекалық несиелеу модельдері. Ипотекалық мәмілелерді рәсімдеу ерекшеліктері. Ипотекалық қарызды талдау. Ипотекалық қарызды талдау. Ипотекалық несиелеу түрлері. Типтік ипотекалық қарыз. Төлемдер сомасы өзгермелі ипотека. Кепіл шотты ипотека және төмендетілген ставкалы қарыз. Қазақстан Республикасының Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің қызметі. Қазақстандық ипотекалық компания екінші ретті нарық операторы ретінде. Ипотекалық несиелерді кепілдендірудің Қазақстандық қорының қызметінің ерекшеліктері. Қазақстанның ипотекалық жүйесінің инфрақұрылымы. Қазақстан Республикасында ипотекалық несиелеудің проблемалары және даму перспективалары.

**13-тақырып, Несиелік портфель және проблемалық несиелерді басқару.**Коммерциялық банктердің несиелік портфелі. Сапалы несиелік портфелі. Сапалы несиелік портфель қалыптастыру проблемалары. Несиелік портфель сапасын сипаттайтын коэффициенттер. «Проблемалық» қарыздар түсінігі. Банктердің несиелік шығындары және олар бойынша қаржылық есептері. «Проблемалық» қарыздардың пайда болу себептері. «Проблемалық» қарыздардың пайда болуының алдын алу: «проблемалық» қарыздарды анықтау, алдын ала талдау, негізгі қарыз және проценттердің төленбеу жағдайлығының табу, «проблемалық» қарыздардың әртүрлі «алдыңғы» және «кейінгі» белгілері. Мүмкіндікті шығындардың тәуекелін төмендету бойынша стратегия дайындау. Активтер мен шартты міндеттемелерінің жіктелуі, күмәнді және үмітсіз несиелер бойынша провизиялар қалыптастыру.

**14-тақырып. Коммерциялық банктердің қор нарығындағы операциялары.** Коммерциялық банктердің бағалы қағаздар нарығындағы рөлі. Қор нарығындағы бағалы қағаздарды орналастыру процедурасы. Қазақстандық банктердің бағалы қағаздар нарығындағы қызметінің негізгі бағыттары. Андреррайтинг бағалы қағаздарды ашық орналастыру кепілдігі. Банктердің инвестициялық портфелі. Инвестициялар портфелін басқару. Коммерциялық банктің бағалы қағаздар портфелінің құрылымы. Инвестициялық портфельді тиімді басқарудың қаржылық көрсеткіштері. қызметтері. Дилингтік операциялар: бағалы қағаздар нарығындағы банк қызметтерінің проблемалары және даму перспективалары.

**15-тақырып. Коммерциялық банктердің лизинг, траст, факторинг және форфейтинг қызметтері.** Қазіргі кезеңдегі лизингтің пайда болуы және дамуы. Лизингтік операцияларының мәні. Лизингтің қаржыландырудың дәстүрлі формаларынан артықшылығы. Лизингтік мәмілелер түрлері. Лизингті және лизингтік операциялар түрлерін жіктеу: қатысушылар құрамына, берілетін мүлік түріне, амортизацияның өтелу дәрежесі мен жағдайларына, қызмет ету көлеміне, жеңілдіктерге қатынасына, лизингтік төлемдер сипатына байланысты. Шұғыл лизинг, оның ерекшелігі және негізгі жағдайлары. Қаржылық лизинг және оны қолдану мүмкіндіктері. Лизингтік операцияларды жүргізу әдістемелігі. Лизингтік келісім, оның қызметін тоқтату жағдайлары. Лизингтік төлемдер түрлері және лизингтік жарналарды есептеу әдістемесі. Лизингтік мәміле жағдайлары және оны жабу



тәртібі. Лизингтік мәмілелер тәуекелдері және оларды төмендету әдістері. Қазақстанда лизингтік операциялардың дамуы.

Факторингтің мәні мен мүмкіндіктері. Факторингтік қызметтің қағидалары. Факторингтік операциялардың түрлері. Факторингтік келісімдердің типтері. Факторингтік қызметтің варианттары және жағдайлары. Факторингтік қызмет көрсетудің несиелеу лимиттері. Факторингтік бөлімінің комиссиялық сыйақысының есебі. Факторингтік операциялардың проблемалары және даму перспективалары. Форфейтингтік операциялардың мәні және олардың факторингтен айырмашылығы. Форфейтинг артықшылықтары. Халықаралық банктік тәжірибеде форфейтингтік операцияларды қолдану. Комиссиялар мөлшерін анықтау.

**16-тақырып. Халықаралық банктік операциялар.** Ұзақ мерзімді халықаралық несиелер және олардың формалары. Қазақстан Республикасының валюта нарығы: қалыптасуы және дамуы. Валюталық мәмілелер. «Spot» шартымен кассалық мәмілелер. «Spot» курсы анықтау. Валюталық фьючерстер. Фьючерстерлік мәміле қатысушылары. Фьючерстерлік биржалар. Фьючерстерлік және форвардық мәмілелердің нарықтардың салыстырмалы мінездемелері. Валюталық арбитраж. Уақытша және тұрақты арбитраждың пайда болу белгілері. Жанама арбитраждың мақсаты. Проценттік арбитраж. Коммерциялық банктің алтынмен операциялары. Төлем балансында валюталық операцияларды тіркеу. ҚР валюталық режимді ырықтандыру концепциялары.

**17-тақырып. Төлем жүйесін ұйымдастыру.** Мемлекеттің төлем жүйесін ұйымдастырудың қағидалары мен формалары. Қазақстан Республикасында төлем жүйесінің қалыптасуы және дамуы. Қазақстан Республикасындағы қолма-қолсыз есеп-айырысулар жүйесі. Банкаралық есеп есепайырысулар және оларды жүргізу тәртібі. Ірі төлемдерді аудару жүйесі. Бөлшек төлемдер жүйесі. Ақша құралдарын аударудың электронды жүйелері. Қазақстан Республикасының төлем жүйесінің даму перспективалары.

**18-тақырып. Банктік маркетинг: қағидалары, әдістері, және стратегиялары.** Банктік маркетинг түсінігі және мазмұны. Банктік маркетингтің қағидалары. Банктік маркетингтің концепциясы. Банктік маркетинг тұрғысынан банк қызметкерінің ой өрісінің қағидалары.

Банктік маркетингтің ерекше белгілері: банктік өнімнің материалдық емес сипаты, қызметтерді сатып алушымен тікелей байланыс, қызметтердің ақшалай сипаты.

Банктік маркетингтің тәсілдері. Клиентпен араласу тәсілі (жігерлі және енжарлы). Сатылымдардың өсуін және қызметтердің табыстылығын қамтамасыз ету. Коммерциялық банктердің маркетингтің әдіс-тәсілдерін меңгеру қажеттілігі.

Банктік маркетингтің құрамдас бөліктері. Нарық туралы ақпарат жинау және соның негізінде банктің стратегиясын дайындау. Банктік өнімдер нарығын сегменттеу. Нарықтағы банктік стратегияның типтері. Нарықта банкпен ұсынылатын өнімдердің түрлері мен бағаларын анықтау. Банктік қызметтердің жіктелуі. Банктік қызметтердің өзіндік құны. Несиелік және есеп айырысулық қызметтердің өзіндік құнын анықтау қағидалары. Банктік қызметтерге баға преysкуранттары. Стратегиялық жоспар және маркетинг жоспары. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде банктік маркетинг тәсілдерін қолдану.

**19-тақырып. Банктік тәуекелдер.** Банктік тәуекелдердің маңызы. Банктік тәуекелдер деңгейіне жүруші факторлар. Банктік тәуекелдерінің жіктемесі. Тәуекелдерді басқару қағидалары. Банктік тәуекелдердің жіктемесі. Банктік тәуекелдерді төмендету әдістері. Тәуекелдерді басқару саясаты және оның құраушы элементтері. Тәуекелдерді басқару жүйесі. Тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтерін тәуекелдердің атаулы түрлерін басқаруға қолдану.

**20-тақырып. Коммерциялық банктердің өтімділігін және төлем қабілетін басқару.**

Банктің өтімділігі және оны анықтайтын факторлар. Өтімділіктің функциялары. Өтімділікті басқарудың негізгі мақсаты. Банк өтімділігінің көрсеткіштері: олардың мәні және

бағалау әдістері. Жәй өтімділігі көрсеткіші. Банктің өтімділігін басқару процесі. Басқару әдістері. Активтерді басқару. Пассивтерді басқару. Жалпы қор әдісі. Құралдар консервиялау (айырбастау) әдісі.

**21-тақырып. Коммерциялық банктер қызметінің қаржылық нәтижелерін талдау.**

Банк табыстырының көздері. Банқтың кіріс және шығыс есептері. Акционерлік капиталдар есебі. Банқтың кіріс көздері. Проценттік табыс. Комиссиялық сыйақы формасындағы табыс. Тұрақты және тұрақсыз табыстар. Коммерциялық банктің шығыстары. Проценттік маржа. Коммерциялық банктің табыстары мен шығыстарының деңгейін бағалау. Банктің қаржылық нәтижелерін талдаудың мәні мен қажеттілігі. Талдаудың негізгі бағыттары. Банктің табыстары мен шығыстарына әсер ететін факторлар. Банк пассивтерін талдау. Банк активтерін талдау. Пайдалылықты талдау. Өтімділікті талдау. Банктік тәуекелдерді талдау.

Банктің қаржылық нәтижелерін талдауға қолданылатын коэффициенттер. Талдаудың шетелдік тәжірибесі және оны Қазақстан Республикасының банктік тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктері.

**22-тақырып. Банк ашу және банктік операцияларды лицензиялау тәртібі. Қайтақұрылымдау. Қайта ұйымдастыру. Банктерді консервациялау. Банктерді тарату. Қазақстан Республикасында банктік қызметті реттеу және қадағалау.** ҚР территориясында коммерциялық банктер ашу тәртібі. Банктер ашуға және банктік операциялар жүргізуге лицензиялар беру ерекшеліктері. Банк ашуға рұқсат алу үшін міндетті құжаттар. Банк ашуға заңды және жеке тұлғалардың өтініштер, құрылтайшылар құжаттары, құрылтайшылардың қаржылық жағдайы мен жалпы жағдайын куәландыратын арнайы мәліметтер, бухгалтерлік және статистикалық есеп беру нысандары, кәсіби жарамдылығы туралы мәліметтер, білім деңгейі және банк жүйесінде жетекші және жетекші маман ретіндегі еңбек өтелі. Резидент еместер үшін қосымша талаптар.

Мемлекеттік тіркеу және банкті заңды тұлға ретінде рәсімдеу. Банктік операциялар жүргізуге рұқсат беруден бас тарту және лицензия берілмеу себептері. Банк филиалдарын, есеп-кассалық бөлімшелерін ашу тәртібі. Банктік қадағалаудың қажеттілігі және мәні. Банктік қадағалаудың жүйесі, оның құрамдас бөліктері. Банктік қадағалау жүргізудің түрлері. Банктік қадағалаудың мақсаттары, міндеттері және қызметтері. ҚР қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша комитеті және оның реттеу қызметтері.